

Мен Исмагулова Эльянора Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжінің 1 курс студентімін. Бала кезімнен медициналық оқу орнына түсуді қаладым. Биылғы жылы медициналық колледждің студенті атандым. Колледжге студенті ретінде тек білім алып қана қоймай, колледжде ұйымдастырылатын көптеген шараларға қатысып келемін. Студенттердің бос уақытын ұйымдастыруға арналған колледжде түрлі үйірме-секциялар жұмыс жасайды. Оқытушылардың ұйымдастыруымен түрлі олимпиадаларға, сайыстарға да қатысуға мүмкіндіктер жеткілікті. Өзім би үйірмесін таңдадым. Мейрамдарда өтетін түрлі мерекелік шараларда өнер көрсеттік. Сапалы медициналық білім алып, жеке тұлға ретінде даму үшін колледжде студенттерге жеткілікті жағдай жасалған.

Мен Нурсултанова Аружан Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжінің «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» тобының 1 курс студентімін. Біздің колледж облыс бойынша басқа колледждармен салыстырғанда білім сапасы жағынан, беделі, абыройы асқақтаған білікті медицина мамандарын дайындап шығаратын сапалы жер деп есептеймін. Мен колледжда білім алып қана қоймай, студенттік өзін-өзі басқару ұйымы төрайымының көмекшісі, «Азамат» дебат клубының мүшесі және өз тобымның топ жетекшісі болып сайландым. Колледжа өткізіліп жатырған барлық қоғамдық жұмыстарға, іс-шараларға қатысысамын. Бұл колледжге оқуға түскеніме өте қуаныштымын.

Мен Ізмұханова Алина Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжінің «Емдеу ісі» бөлімінің 3 курс студентімін. Колледж меніңше керемет медициналық білім беретін орда. Бұнда тек білім алып қана қоймай, өзінді басқа жағынан да көрсетуге болады екен. Мысалға айтатын болсақ бұнда әртүрлі клубтар бар. Мен соларға жазылу арқылы өзімді 3 жыл көлемінде жан-жақты көрсетіп, Облыстық Жас Отан Жастар қанатының белсенді мүшесі, 2020 жылы «Қазақстан жастарының 100 жаңа есімі» қатарына ендім. Қазргі таңда «Елбасы медалі» жобасының қатысушымын.

Мен Серікқалива Гүлнұр Батыс Қазақстан медициналық колледждің «Мейіргер ісі» бөлімінің 1 курс студентімін. Оқуға түсер алдында көптеген колледж түлектерінің кеңестерін тыңдай отырып, арманым ақ халат киіп абзал жан атану болғандықтан дәл осы оқу орнын таңдадым. Колледжде жүріп, өзімді тек білім жағынан емес, сондай-ақ вокал үйірмесіне қатысып түрлі іс-шараларды жүргізіп, ән айтып өзімді шығармашылық жағынан дамыту үстіндемін. Және де «Саналы ұрпақ» клубы, «Азамат» дебат клубының мүшесі болып саналамын. Өзімді жан-жақты дамыту жолында колледжімізде үлкен мүмкіндіктер бар.